

6D081000-«Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандығы бойынша  
«Қазақстандық Арап өнірі суармалы жерлерін тиімді пайдаланудың ғылыми  
технологиялық негізdemесі (Қызылорда суармалы алқабы мысалында)»  
тақырыбындағы дайындалған Г.Б.Токтаганованаң PhD докторы ғылыми  
дәрежесіне ұсынылған диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

Г.Б. Токтаганованаң диссертациялық жұмысы Арап өнірінде ауыл шаруашылығындағы суармалы алқаптарды қалпына келтіру мәселесін қарастырады. Қазіргі таңда Арап өнірінің казақстандық бөлігінде егістік алқаптардың тиімсіз орналасуы, оларды шектен тыс пайдалану, тыңайтқыштар мөлшерін шектен тыс беру факторларына байланысты суармалы жерлердің топырақ жамылғысының түздану мөлшері күннен күнге молайып барады. Сондықтан суармалы егістік алқаптардағы топырақ жамылғысын экологиялық-мелиоративтік мониторинг жүргізу арқылы зерттеу және жаңарту үлкен мәселе болып табылады.

Суармалы егістік жүйесінде күрделі мелиорациялық шараларды қажет ететін түзданған және өте күшті түзданған жерлерді зерттеу бұрынан қалыптаскан ғылыми бағыттардың бірі болып саналады. Ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлердің құнарлығын көтеру үшін топырақты түzsыздандыру, сонымен қатар, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін көтеру мақсатында арнайы экологиялық қауіпсіз қолдану уақыты туындаған негізгі шаралар қатарына кіреді.

Осы мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеу, талдау және зерделеп шешу барысында автор Арап өнірі суармалы егін шаруашылығы жерлерін пайдалану деңгейіне талдау жасады, суармалы егін шаруашылығының даму жағдайын ғылыми тұрғыдан зерттеп білді, суармалы алқаптардың топырақтың сандық және сапалық жағдайын зерттеп көрді.

Жұмыста алынған топырақ үлгілерінің түздану типтері анықталды, түз қайтару үрдісіне әсер ететін негізгі факторлар айқындалды және түзданған топырақтың құнарлығын көтеретін мелиоративтік шаралар ұсынылды.

Бірінші бөлімде, яғни, «Арап өнірі суармалы алқаптарында қалыптасқан жағдай» бөлімінде суармалы егіншіліктің дамуы мен ондағы топырақтың сапалық жағдайына әсер ететін факторлар, аумақтың географиялық орны мен жер бедері, климат ерекшелігі, су қорлары, өсімдік, топырақ жамылғысы жөнінде ғылыми тұрғыдан сипаттама берілді.

Арап өнірінде экологиялық тоқыраудың суармалы егіншіліктің дамуына тигізетін әсерін анықтау кезінде Сырдария өзенінің төменгі ағысының географиялық орны, геоморфологиясы, Арап өнірінің климаты мен коршаган орта факторлары, топырағы, суармалы топырақтағы гумус пен азоттың жылжымалы түрлері, жалпы фосфордың мөлшері мен топтық құрамы, фосфор мен калийдің жылжымалы түрлерінің мөлшері және су қорларының негізгі биохимиялық үрдістерге қатынасы зерттелді.

Екінші бөлімде, «Арал өнірі суармалы алқаптарының экологиялық-мелиоративтік жағдайына мониторинг жүргізу» бөлімінде зерттеу нысандарындағы топырактың үйлесімділігін анықталы, сугаруға пайдаланылатын судың жарамдылығын бағаланды, көріз ағынындағы минералдылықты болжау және қайта шаюға қолдану мүмкіндіктері, топыракты тұзсыздандыруға биомелиоранттар мен галофиттерді қолдану әдістерінің нәтижелері қарастырылды.

Үшінші бөлімде, «Мониторинг нәтижелері негізінде суармалы алқаптарды тиімді пайдаланудың болжамдық көрсеткіштері» бөлімінде, топырактың сапалық жағдайына талдау жасалынып, суармалы егістік алқаптар топырағының тұздану типтері мен тұзданған топырактың таралу процесін картографиялау нәтижелері көлтірілді.

Арал өнірдегі топырак жамылғысының мелиоративтік жағдайын зерттеу нәтижелері суармалы жерлерді пайдаланудың барысында қарашибіктің және коректену элементтерінің корларының азауын, топырактардың су-физикалық қасиеттерінің нашарлауын, топырактардың эрозияға ұшырауын, тұздану және сорлану процестерінің өскендігін, топырактардың құнарлығының төмендеп отырғандығын көрсетті.

Төртінші бөлімде, «Суармалы алқаптардың өнімділігін және экологиялық-мелиоративтік жағдайын жақсартудың технологиялары мен әдістері» бөлімінде, тұзданған жерлерді шаю технологиясы негізделді, көрізден сүзіліп шығатын су ағынының мөлшері, топыракты тұздан тазартудың болжамды көрсеткіштері анықталды және топырактың экологиялық қауіптілік деңгейіне әсер етейн шаю мөлшері нақтыланды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық және республикалық басылымдарда жарияланды және ТМД елдеріндегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды.

Қорыта келе, Г.Б. Тоқтаганованаң 6D081000-«Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми атағының ізденісіне ұсынылған «Қазақстандық Арал өнірі суармалы жерлерін тиімді пайдаланудың ғылыми технологиялық негізdemесі (Қызылорда суармалы алқабы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы PhD докторлық диссертациясының талаптарына сай орындалды, сондықтан автор PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші, т.ғ.д.

О.Қ. Қарлыханов

«25» 03 2019

